



БЕКІТЕМІН

Директор колледжа

А.С. Нурғымаров

2021 ж.

Пәндік-циклдік комиссия аптасын бекіту, ұйымдастыру және өткізу рәсімі

1. Мақсаты мен міндеттері

Пәндік-циклдік комиссия апталығы - циклдік комиссия жұмысының бір түрі, ол оқытушылардың оқыту сапасын арттыруға бағытталған мақсатты, ұжымдық, жеке, практикалық қызметін көрсетеді.

Апталарды жыл сайын колледждің циклдік комиссиялары ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жоспарлау шеңберінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында, сондай-ақ білім алушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту үшін өткізеді.

2. Аптаны бекіту және өткізуді ұйымдастыру тәртібі

Пәндік апта циклдік комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Іс-шаралар аптаның мақсаттары мен тақырыптарына сәйкес келуі керек. Пәндік аптаның ұйымдастырушысы пәндік-циклдік комиссия болып табылады. Пән апталығының қатысушылары: оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері, колледж студенттері.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары пәндік аптаны өткізу жоспарын бекітеді, циклдік комиссияның оқытушылары арасында пәндік аптаны өткізу бойынша міндеттер бөлінеді.

Бекітілген жоспар бойынша, белгіленген мерзімдерге сәйкес ПЦК апталығы өткізіледі.

Апта соңында пәндік аптаның қорытындылары (жеңімпаздар мен белсенді қатысушыларды марапаттау) және жүргізілген жұмысқа талдау жасалады.

3. Іс-шаралар нысандарының үлгі тізбесі:

- қызықты сабақтар;
- конференция;
- кәсіби шеберлік байқауы;
- зияткерлік турнир;
- түлектермен, жұмыс берушілермен кездесулер;
- Білгірлер сайысы;
- конкурс-викторина;
- КТК;
- газет сайысы;
- кәсіпорынға саяхат және т. б.

4. Пән апталығының материалдарын рәсімдеу

Педагогтердің жұмыс тәжірибесін жалпылау, әдістемелік қоржын жасау мақсатында циклдік комиссия төрағасы циклдік комиссия аптасын өткізгеннен кейін оны өткізу туралы есепті әдістемелік кабинетке тапсырады.

Шығармашылық есепте келесі құжаттар болуы керек:

- басты бет;
- пән апталығын өткізу жоспары;
- конкурстар өткізуге арналған тапсырмалар;
- ашық іс-шаралар сценарийлері, әдістемелік ұсынымдар;
- қосымшалар.

Циклдік комиссияның өткізілген апта туралы есебі бейнематериалдармен және фотосуреттермен сүйемелденуі мүмкін. Апта материалдары әдіскермен келісілгеннен кейін колледж сайтына жауапты тұлғаға беріледі.

Рәсімді әдіскер, ПЦК төрағалары әзірледі